



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **№56 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

### **Қазақстан Республикасында төлем карточкалары бойынша операцияларға қызмет көрсетуге арналған банкаралық инфрақұрылымды құру жөніндегі жобаны іске асыру туралы**

2015 жылғы 27 қазан

Алматы қ.

Отандық төлем нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету және жұмысының тиімділігін арттыру үшін Қазақстан Ұлттық Банкі төлем карточкалары бойынша банкаралық операцияларға қызмет көрсетуге арналған ұлттық (банкаралық) инфрақұрылымды құру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға кірісті.

Іске асырылып отырған бастама қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын операциялардың қауіпсіздігі мен үздіксіздігін, республика ішінде банкаралық есеп айырысуларды өткізудің қолданыстағы схемасын айтарлықтай оңтайландыруды қамтамасыз етуге және Қазақстанда төлем карточкаларына қызмет көрсетуді ұйымдастыру шығасыларын одан әрі төмендету үшін ұйымдық-технологиялық жағдайлар жасауға бағытталған.

Осы бастама шеңберінде негізгі мақсаты қазақстандық банктерге олардың карточкалық операцияларын өңдеу бойынша операциялық-клирингтік қызметтер көрсету болып табылатын тәуелсіз төлем платформасы (жүйесі) іске қосылатын болады. Бұл ретте жоба мүдделі банктерге олардың карточкалық бизнесіне қызмет көрсету бойынша процессингтік қызметтер көрсету үшін жалпыбанктік процессингтік орталық құруды көздемейді. Мәселе банктер мен олардың процессингтік орталықтары арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру деңгейінде операцияларды өңдеу үшін банкаралық инфрақұрылым қалыптастыру жайында болып отыр. Қазақстандық банктердің клиенттері – төлем карточкаларын ұстаушылардың ел ішіндегі операцияларының үздіксіздігі мен аяқталуына кепілдік бере отырып, олардың өңделуіне және банктер арасында өтуіне арналған жаңа тетік енгізіледі. Осы жобаны іске асыру нәтижесінде екінші деңгейдегі банктер үшін жүйе қызметтеріне тең қолжетімділікті («тең қашықтықта болу» қағидатын сақтау) ұйымдастыру жолымен олардың арасындағы тиімді бәсекелестікті дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасалатын болады. Сонымен қатар бұл шара банктердің халықаралық төлем жүйелеріндегі сақтандыру депозиттері түріндегі жасырын ақшасының көлемін төмендетуге әкеледі. Бұл жүйені «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК (ұлттық төлем жүйелерінің қазіргі операторы) базасында құру жоспарланады. Жүйені құру кезінде пайдаланылатын қауіпсіздікті қамтамасыз ету технологиялары мен рәсімдері заманауи және прогрессивті бағдарламалық шешімдердің қолданылуы ескеріле отырып қолданыстағы жалпыәлемдік стандарттарға сәйкес келетін болады.

Банктер төлем карточкалары бойынша өз операцияларын бағыттау және өңдеу үшін өздеріне коммерциялық тұрғыдан тартымды арнаны (жүйені) өз бетінше таңдауға құқылы болады. Қажеттілік болған кезде екінші деңгейдегі банктер басқа банктердің

клиенттеріне қызмет көрсету кезінде банкаралық төлемдер өткізудің қазіргі арналарына қоса резервтік алаң ретінде жаңа жүйе сервистерін пайдалана алады.

Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген жол картасына сәйкес жоғарыда көрсетілген жүйені 2016 жылғы 3-тоқсанда іске қосу күтіледі, бұл ретте жүйені пайдалану бойынша алғашқы тестілеу жұмыстары келесі жылдың бірінші жартыжылдығының соңында басталады. 2015 жылдың соңына дейін жүйенің жұмыс істеу тәртібін және тетігін регламенттейтін қажетті нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеу және қабылдау жоспарланып отыр.

Ұйымдастырылып отырған инфрақұрылымның функционалын енгізу Қазақстанның төлем карточкалары нарығын жаңа даму деңгейіне көтеріп, қолма-қол ақшасыз жүргізілетін төлемдердің өсуін жандандыру және төлем саласындағы болашағы бар инновациялық жаңалықтарды іске асыру үшін аса маңызды фактор бола алады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 330 24 97

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)